

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ тәуелсіз директорларын іріктеу

«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) тәуелсіз директорларын іріктеу «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Холдинг) Басқармасының шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) талаптарына сәйкес жүргізілді (2018 жылғы 28 қарашадағы № 53/18 хаттама).

Ереженің 12-тармағына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсынымдалған) тұлғалардан, жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсынымдалмаған) жеке тұлғалардан қалыптастырылады

Жалғыз акционер кандидаттардың құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды.

Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері назарға алынады.

Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде:

- 1) басшы лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) жұмыс өтілі;
- 4) қолда бар халықаралық сертификаттарды қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- 5) бағыттар мен салалар бойынша кемінде 2 жыл құзыретінің/басшылық тәжірибесінің болуы (салалар активтердің портфеліне қарай өзгеруі мүмкін);
- 6) іскерлік беделі;
- 7) тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының болуы;
- 8) «Сертификатталған директор» директорының кәсіби сертификаттауының болуы (тәуелсіз директорлар үшін) назарға алынады.

Бұл ретте Ереженің 14-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан тұруы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты жарияланған Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша 4 өтініш түсті.

Үміткерлерден келіп түскен өтінімдерді қарау және біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру қорытындысы бойынша Серік Әбілдашұлы Қандықбаевтың кандидатурасы Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры ретінде сайланды.

С.А. Қандықбаев Қазақстан Республикасының азаматы, «инженер-экономист» мамандығы бойынша жоғары білімі бар, Қарағанды металлургия институтының түлегі болып табылады, Боккони университетінде (Италия) тікелей инвестициялар және венчурлық қаржыландыру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті, халықаралық қаржы ұйымдарында, тікелей инвестициялар қорларында, SG Financial Group, Интегрис Капитал, Самұрық-Қазына Инвест және т.б. инвестициялық және қаржылық ұйымдарда 20 жылдан астам жұмыс өтілі бар.

С.А. Қандықбаев инвестицияларды басқару саласындағы тәуелсіз директор – маман лауазымында жұмыс істеу талаптарына сәйкес келеді.

Ереженің 22-тармағына сәйкес тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен олардың қызметін бағалаудың қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Бұл ретте Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесі мүшесінің жұмыс нәтижелері мен қызметін бағалау нәтижелері, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс

Н.Р. Пәйдж 2020 жылғы 22 қазаннан бастап Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы қызметін бағалау нәтижелері бойынша жоғары балл иемденген. Н.Р. Пәйджтің Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында болуының алдыңғы мерзімі екі жылдан кем. Осыған байланысты, елеулі кәсіби тәжірибесін, іскерлік құзыретін және жоғары бағасын ескере отырып, Н.Р. Пәйдж Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры лауазымына қайта сайланды.